

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Қыран жүрек қағидасы



«Әділбек Абайділданов – қазақ жырына «Қыранды» берген, пәк көңілді, романтик ақын. Әділбек – поэзияға өмірді көріп, оқып-тоқып дегендей, табиғи жаратылысымен, жырға деген ғашықтық құмарлығымен араласқан ақын». Бұл – Мұқағали Мақатаевтың өз замандасына осыдан қырық жыл бұрын берген бағасы. Ағынан ақтарылып, қағаз бетіне өшпестей қатталып қалған бір ауыз лебізі.

Жалпы, ақын Әділбек Абайділдановтың есімі өткен ғасырдың алпысыншы-сексенінші жылдарындағы қазақ поэзиясының тарихынан азды-көпті хабары бар қауымға бірқыдыру таныс. Әдебиет әлемінің табалдырығынан аттаған бетінде Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Жұмағали Саин, Қалижан Бекхожин, Қасым Қайсенов секілді алдыңғы толқын ағаларынан жылы сөз естіп, шығармашылық айдынына құштар ұмтылыспен құлаш ұрған талантты қаламгер «Ақ қайың» (1961), «Салтанат» (1964), «Қыран» (1966), «Алыс көкжиек» (1968), «Маржан» (1971), «Сенемін саған» (1977), «Құс жолы» (1978), «Армысың, махаббат» (1981), «Жүрегімнің шұғыласы» (1982) атты жыр кітаптарын кейінгілерге аманат етіп қалдырып кетті.

Ал үстіміздегі жылы қызы Ботагөз бен күйеу баласы Жүнісбектің мұрындық болуымен, «Фолиант» баспасынан ақынның өлеңдері мен поэмалары топтастырылған көлемді шығармалар жинағы (құрастырып, кіріспе сөзін жазған – ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы) жарық көрді. Әділбектің осы кітапқа кірген поэзиялық мұрасындағы азаматтық және адамгершілік мұраттардың сөзбен сомдалу, көркемдікпен кестелену ерекшеліктерін бүгінгі күннің биігінен аз да болса байыптаудың мүмкіндігі туып отыр.

Ақынның 1982 жылы, көзі тірісінде жарық көрген «Жүрегімнің шұғыласы» атты соңғы өлеңдер жинағына мағыналы алғы сөз жазған профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Алатаудың әсем қойнауындағы саяжайда Сәбит Мұқановтың кезекті «демалып» жатқан шағы болатын. Күні бұрын телефонмен келісіп алып барған ем, Әділбек саңқылдап өлең оқып отыр. Сәбең қолымен тыныштықты бұзбай жайғаса бер деп ымдады. Аңызға негізделген «Қыран» атты поэмасын оқуды тәмамдағанда, Сәбеңнің жас баладай қуанғанын көзіммен көрдім», деген дерек келтіріпті.

Әділбектің таңдаулы туындыларының бірі – «Қыран» поэмасы туралы жаңағы жүздесудің үстінде Сәбит Мұқановтың дуалы аузынан «Ілиястың шалымыбар мұнда» деген сөз шықса, басқа бір тұста белгілі әдебиеттанушы Баламер Сахариев «Ілияс поэмаларын оқығандай әсер етеді» деп тұжырым жасаған болатын. Замандас інісі, ақын Сәкен Иманасовтың бертіндегі пайымы да осы төңіректе тоғысады: «Бұл өзі кешегі Ілияс Жансүгіров сарынындағы бір дем, бір тыныспен төгіліп түскен, бас-аяғы жұп-жұмыр болып тұтаса шыққан бүтін дүние». Ақынның өзі де «Шапқанда – Ілиястың інісімін», «Бәйгесін Ілиястың беріндер деп, Жар салып дүниеден өтінем мен» немесе «Бүгінде бәйгеге енді біз түсеміз, «Ілияс, Ілияс!» деп ұран салып» дейтін декларациялық жыр жолдары арқылы шәкірттік ілтипатын айқын аңғартады.

Шынында да, даланы жырлау дәстүрін жаңаша жаңғыртуда Ілияс Жансүгіровтің «Бүгінгі дала» өлеңі мен «Дала» поэмасында ұсынған идеялық және көркемдік қағидаттар әлденеше буын қазақ ақындарына бастаубұлақ әрі өлшем-өнеге болып келді. Оның шығармашылығының арқасында «дала» сөзі шынмәнінде ұлттық символға айналып, әр алуан ассоциацияларға жетелейтін жағдайға жеткізілді. Әділбектің «Даламыздың сипаты» өлеңіндегі:

Өң-көрік, бұл далада жетеді нұр,
Шың болса басы құзар, етегі – гүл.
Сұлу мен батыр ғана жарасатын,
Акку мен ақиықтың мекені бұл, –

деген шумақ оның осы бағыттағы туындыларының рәміздік алтын арқауы, романтикалық жарқын желісі болса, кіндік қаны тамған қоныстағы – «сүзісе кетіп, бас жарып, секіруші едің биіктен», «сенің де баяғы дауыл мінезің өзгеріп кеткен» деп сырын бөлісетін, Лепсі өзеніне арналған шағын да шымыр өлеңінде:

Кездесіп енді алыпқа,
Бетің бір қайтқан батырсың.
Отыңды беріп халыққа,

Дірдектеп ағып жатырсың, – деген қуатты жолдар арқылы жүректің қылын шертіп, ойдың нуын қозғайды. Қиялыңды ауқымы кішкентай көрінетін тақырыптан елдік үлкен өре мен өріске алып шығады. Талас жоқ, бұл отаншылшын дарын иесінің қаламынан ғана туатын ірі де іргелі сөз.

Ақын осы тақырыпқа орайлас өзінің таным түсініктері мен пікір-пайымдарын «Көрініс», «Шақырып алыс жол жатты» сияқты өлеңдерінде де құшағы жаһанды қаусыратын ұғымдарға ұластырады. Мысалы:

Сағымның өркеш-өркеш толқынымен

Бір жаққа біздің ауыл барады ағып... – деген қос қатардың өзінде қаншама тосын бейнелер жатыр. Сағымның толқыны басқаша емес, өркеш-өркеш. Аржағынан қазақтың көшін артқан түйелі керуен елестемей ме?! Сондайақ, ауыл да әдеттегідей көшіп бара жатқан жоқ, ағып бара жатыр. Бәлкім, мәңгілік уақыттың бойымен... Мүмкін, құрғап қалған өзеннің арнасымен... Қайда екені және белгісіз... Сағым билеген әлем... Бір сөзбен айтқанда, астары сан алуан поэтикалық сурет.

Әйтпесе, поэзияда жиі ұшырасатын жол мотивін де Әділбек өзінше бөлек биікке көтереді:

Осынау жалғыз соқпақпен

Ғасырлар жүріп өткендей.

«Ғасырдан да ұзақ күн» – «И дольше века длится день» деген тіркес Шыңғыс Айтматовтың атақты романының арқасында құлаққа сіңісті болғалы қашан. Ал осы бейнелі сөздердің әуелде Уильям Шекспирге тиесілі екендігін, одан соң Борис Пастернак өлеңінің бір жолына аударма арқылы табан тірегендігін көпшілік біле бермейді. Әділбектің «Ғасырлар жүріп өткен жалғыз соқпағы» да орысшаға еркін тәржімаласақ, «Протоптанная веками тропа» («Дорога, протоптанная веками») немесе «Тропа длиною в век» («Дорога длиною в вечность») секілді ойлы оралымға апармай ма?..

Сөздің орайы келіп тұрған соң, проза мен поэзияның қарым-қатынасына байланысты бір қызғылықты жайтты айта кетелік. Кейде жақсы өлеңнің жалғыз ғана жолының немесе үзігінің жоғарыдағыдай тұтас бір прозалық шығармаға атау болып, күллі мазмұнын жинақтап беріп жататыны ұшырасады. Мәселен, Лермонтовтың «Белеет парус одинокий» деген тіркесін (Абайша – «Жалғыз жалау жалтылдап»; Жүмекенше – «Жалғыз желкен жалтылдап») орыс жазушысы Валентин Катаев өз повесіне ат етіп тандаса, Әзілхан Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар» романының атын Абайдан алғаны белгілі. Жалпы, әдебиетте мұндай үлгілер аз емес.

Сол секілді сәйкестік жасы жөнінен түйдей құрдас қаламгерлер (екеуі де 1932 жылы туған) – ақын Әділбек Абайділданов пен прозашы Шерхан Мұртазаның шығармаларынан да кездеседі. Сонымен, Шерхан Мұртазаның «Жүрекке әжім түспейді» атты әңгімесі, осы аттас 1987 жылы баспа жүзін көрген кітабы бар. Қателеспесек, шығарманың жазылған мезгілі – сексенінші жылдардың іші. Алаштың зиялы ардагері Ғалым Ахмедовке арналған әңгіменің негізгі желісін қазақ жігіті Сағын мен татар-башқұрт қызы Энженің егде тартқанша ескірмеген ғажайып махаббатының баяны, соның әсерлі жай-жапсарлары құраған. Ал енді Әділбектің «Қартайдық қой...» деп айтқан әзіліңді» атты өлеңіндегі мына жолдарды оқиық:

...Атамаңыз, махаббат қартаймайды,

Жүрекке әжім түспейді ешқашан да.

Зерттей келгенде, бұл өлең тұңғыш рет ақынның 1971 жылы жарық көрген «Маржан» жинағына (41-бет) еніп, 1982 жылы шыққан «Жүрегімнің шұғыласы» кітабында (213-бет) қайта басылғаны белгілі болды.

Сөйтіп, ақын өлеңіндегі «Жүрекке әжім түспейді» деген метафоралық образ жазушының шығармасына осындай ат қойылуына түрткі болған жоқ па екен деген сауал туындайды.

Бұған ұқсас, XVII ғасырда өмір сүрген француздың әйел жазушысы Мари де Рабютен Шанталь де Севиньенің «На сердце не бывае тморщин» деген афоризмі бар екендігін ғана білеміз. Сондықтан мәселенің түйіні тек қаламгерлердің шығармашылық лабораторияларының қатпарқалтарыстарын ақтару арқылы тарқатылмақ. Біздікі – әдеби жұртшылыққа ой тастау.

Әділбек Абайділданов өзіне ізашар ақындар салып кеткен соны сүрлеуді әрі қарай жалғастыруға күш салды. Мысалы, ілгерідег іжоқ жітік заманда Ғали Орманов ауыл-аймағымен: «Жарбиған жаман тон-тұмақ, Жабысып кетті үстімде, Жанайын деген бір шырақ, Жалтылдап кетті ішімде», – деп қоштасқан болса, Әділбек «Ауылдан алғаш кетерде» атты өлеңінде дәуірдің көңіл-күйін жаңаша толғайды:

Жанарға жаудыр шық қонып,
Өзімнен өзім абыржып,
Кеудем бір мұңға шып толып,
Арқалап кеттім ауыр жүк.

Осылайша, ақындарымыз ұлт ұйытқысы – ауыл-аймаққа, қала бере ортақ Отаны – Қазақстанға акеден сүйіспеншілігін білдіріп жатты. Бәрінен бұрын, атамекеннен табан аудармау, адасқан қазықты қайта табу мәселесі тиянақталды. Әрине, бұл да – сол тұстағы әлеуметтік ахуалдың әдебиеттегі көрінісі (Әділбек Абайділдановтың жазуында: «Женеді бәрін жалғыз-ақ», «Туғанжер» деген бір ұғым).

Қазақтың батырлық жырларының сюжетінде жауды жеңген қаһарман түптің түбінде міндетті түрде туған топырағына қайтып оралады ғой. Мақал-мәтелдерде де осы бағыттағы ой жүйесі орнығыпты: «Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне», «Жат елдің жақсысы болғанша, өз елінің сақшысы бол», «Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», т.б. Халықтың таным-түсінігінде ертеден бері этикалық норма ретінде қалыптасқан бұл ережені тұтынған ақындарымыз өз шығармаларында осы орайдағы түрлі-түрлі ситуацияны алып, соған сәйкес көркемдік шешім іздестірді.

Мысалы, көрнекті қаламгер Ғ.Қайырбеков халық аңызының негізінде жазылған «Ақбозат» атты өлеңінде туған жерге деген сүйіспеншілігін қазаққа зият жануар саналатын жылқының мінезі арқылы беріп, ұрылар айдап алып кеткен тұлпардың өз ауылына жер түбінен жол тауып қашып келгендігін асқақтата жырлайды. Естеріңізде болса, «Қарға бойлы Қазтуған» жырында жат жердің суынан жеріген бозмая бауырында боздаған ботасына қарамастан, төл топырағы – Жем бойына қарай желе жөнелетін. Сағыныш сазды ақын Төлеген Айбергеновтің өлеңінде осы тақылеттес ситуация эпостағыдан да өткір коллизия арқылы көрсетіледі:

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен
Омырауын шерге толтырып.
Апталап, айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті күн батсын...

Әділбек Абайділдановтың жұртшылық жүрегін жаулаған «Қыран» поэмасының өзегінде де туған тұғырға деген осыған үндес, үйлес ыстық ынтызарлықтың сарыны сезіледі.

Шығармада қандықол қарақшының қақпанына түсіп, тордағы торғайдай тыпырлаған қыран – Қарабураның жат жердегі тағдыры сарабал суреткерлікпен тәптіштелген. Тастүлектің бітім-бейнесі, тұрпат-тұрқы, өршіл де өжет мінезі динамикалық дәлдікпен, психологиялық парықпен сомдалған. Байлаудағы мұзбалақтың есі-дерті – туған аймағы. Көз алдында – соның сұлу суреттері. Ақын табиғат көріністерінің әр дәйегін, әр

деталін қыранның көзі арқылы қалт жібермей сипаттайды. Қанішер Қоқайдың құрсауынан босап шығып, түлеп ұшқан өлкесіне бет түзегендегі жол қиындығын, жан қиналысын әсерлі бейнелейді. Поэмадағы:

Шіркін-ай, бұғаудағы елдің бәрі
Қыранның мына қалпын түсінер ме?

* * *

Алыстан батыр құсың базарлық қып,
Әкеле жатыр саған азаттығын! – деген жолдар еркін, егемен рухтың дабылындай қабылданады. Қазіргі күні тәуелсіздік жырындай жаңғырады.

Әділбектің «Арал перзенті», «Алтын аймақ», «Гүлстан» поэмаларында да «Қыран» поэмасындағы сарындар өзгеше өрім-өрнекпен дамытылады. Келесі шумақтар осының айқын айғағы:

Ешқашан кетпейді екен бұл,
Келер де кетер жыл құсы.
Қадірін атамекеннің
Қырандай білсін бір кісі. («Арал перзенті»)

* * *

Мәңгілік қол астында қала ма деп,
Бекімек боп ед біздің далаға кеп...
Мырзалар, енді оларың бола қоймас,
Бұл жердің пұшпағынан садаға кет. («Алтын аймақ»)

* * *

Жер жұтап, ата-бабам кер кетіп ед,
Туған жер, сен екенсің ерге тірек.
Түпсізге түсіп мүлдем кетер едің,
Тұрмасаң табаныңды жерге тіреп («Гүлстан»).

Әділбек туған жердің табиғатын суреттегенде де жанды бояуларға жүгініп, поэтикалық пейзажға қимыл-қозғалыс бітіре біледі. Мысалы: «Жаңбырды тұрған селдетіп, Өрмек пе дерсің жүгірген» («Жаңбыр»), «Ай сәулесін шырақ етіп қараймын, Аяз сүйіп нарттай жанған бір қызға», «Тіліндей әбжыланның сүйрелеңдеп, Жортады қармен жаяу борасыны» («Ауылдағы қыс кеші»), «Аспанның бетіне сәл қан жүгіртіп, Таң атып келе жатыр рауандап» («Ақ әлемнің...»), «Шүйінші сұрап, жағаға//Шапқылап кетті толқындар» («Теңізде»), т.б.

Сұрапыл майдан әкесінен айырып, «балалық шағымды мен аттап кеткем» дейтін ақынның соғыс тақырыбындағы жырлары да – өз алдына бөлек тақырып. Осы ретте «Біздің шал» поэмасының орны оқшау болса, «Мықтылық», «Қасірет мазары», «Қайран жеңгем», «Әкемнен қалған...», «Мүгедек», т.б. өлеңдері терең тебіреніске толы.

Жинақтап айтқанда, эпикалық серпіні мен лирикалық сыршылдығы жымдаса жарасқан Әділбек Абайділданов шығармашылығының арнайы қарастыратын қырлары жетерлік деп ойлаймыз. Жоғарыда айтылған тұлғалардан басқа, оның поэзиясы жайында әр жылдары академик Рахманқұл Бердібаев, профессорлар Тұрсын Сыдықов, Теңізбай Рахымжанов, ақындар Ғафу Қайырбеков, Әбіраш Жәмішев, Тұманбай Молдағалиев, Қастек Баянбаев, Сәкен Иманасов, Жүсіп Қыдыров, Сейфолла Оспанов қалам тербеді. Ақынның бір топ өлеңін филология ғылымдарының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманов өзінің 2007 жылы баспадан шыққан «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты авторлық антологиясының алғашқы томына талдау жасай отырып енгізді. Зерттеуші Кенжегүл Жүнісбекова 2004 жылы «Әділбек Абайділданов поэзиясындағы көркемдік ізденістер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Дегенмен, ақынның өмірі мен өлеңіне қатысты деректер әлі де кеңірек көрсетуді, тереңірек тәпсірлеуді керек етеді. Оның құрметіне Алматы облысының Ақсу ауданындағы Қарабөгет ауылында, Іле ауданының Ынтымақ ауылында көшелердің аты берілгені болмаса, есімін есте қалдыру шаралары қолға алына қоймапты.

Әлбетте, бұлар – келесі жылы дүниеден озғанына отыз жыл толғалы отырған Әділбек Абайділдановтың рухын риза етуге байланысты көп болып шешімін табар мәселелер.

Амантай ШӘРІП
филология ғылымдарының докторы